

# Жақсылықтың жаршысы болуға асығайық

Аудан орталығында «Жақсылық жаса» акциясы жалғасын тапты

**«Қайырымдылық жасасаң, қайырын өзің көресің» деген ұстаныммен Жастар ресурстық орталығы өз жұмысын жасауда.**

Орталықтың ұйымдастыруымен түрлі шаралардың өткізіліп жатқаны белгілі. Сондай шаралардың бірі және бірегейі «Жақсылық жаса» акциясы». Аталмыш акция жылдың басында қолға алынып, бүгінгі күнде өз жалғасын табады.

Ағымдағы жылдың төртінші тамызында Қазақстан Халқы Ассамблеясы қоғамдық келісім кеңесі және Жастар ресурстық орталығы қызметкерлері бірлесе «Жақсылық жаса» акциясын өткізді. Акцияның басты мақсаты – жастарды мейірімділікке баулу, мұқтаж жандарға көмек қолын созу болып табылады. Акция түрлі



Игілікті істің ұйымдастырушылары және «Жасыл ел» еңбек жасағының сарбаздары

форматта ұйымдастырылуда.

Жақсылық жасауға асыққан Жастар орталығының қызметкерлері және ҚХА қоғамдық келісім кеңесінің төрайымы Наталья Козлова «Жасыл ел» жастар жасағының сарбаздарына көңіл бөлді. Аудан орталығында жастар жасағы екінші ай өз жұмысын жалғастыруда. Жастарымыз ауылымыздың көгалдандыру және абаттандыру жұмысымен айналысып, көпке үлгі көрсетуде. Уақыттарын бос өткізбей, ауданның көркеюіне үлес қосқан жастарымызға алғыс айтылып, аталмыш акция өткізілді.

- Жыл бойы біз «Жақсылық жаса» акциясын өткізіп келеміз. Қыстың аязды күнінде қоғамдық жұмыскерлерге ыстық шай және бауырсағымызды ұсынған болатынбыз. Бұл жолы керісінше ыстық күнде еңбек етіп жүрген «Жасыл ел» жастар жасағының сарбаздарын бауырсақтармен және салқын



Ізгілік пен мейірімділікке толы шара барысынан



Жастар риясыз көңіл мен мол алғыс білдірді

сусындармен қуанттық. Еңбекке араласқан жас-

тармызды ынталандырып, қуаныш сыйлағымыз келді. Мақсатымызға жеттік, жастардың еңбектеріне тілегімзді білдірдік, - деді Наталья Козлова.

«Жақсылықты бөліссек көбейе түседі» демекші, «Жақсылық жаса» акциясы жұмыс жасап, қайырымдылық шараларға жаны жайсаң азаматтар атсалысып жатыр. Көпбалалы отбасыларға көмек көрсетіліп, жанына демеу іздеген қарттарымызға да

көңіл бөлінуде.

- Ерікті жастар «Жақсылық жаса» акциясына қолдау білдіруде. «Жақсылық жасау - әр адамның парызы» деген ұстаныммен белсенді жастар жыл басынан бері көмек сұраған қарияларға көмек қолын созды. Игі істің бастамашысы болып, жақсылық жасауға тырысуда.

Ерікті жастар қашанда қоғам игілі үшін аянып қалмайды. Тек жастарға бағыт-бағдар жасап, баста-

маларына қолдау таныту қажет. Біз Жастар ресурстық орталығының қызметкерлері осы бағытта жұмыс жасаудамыз. «Жақсылық жаса» акциясының мақсаты мен мағынасы тереңде жатыр. Облыс бойынша аудан, ауылдарда қолға алынуда. Бізде өз атымыздан барынша қолымыздан келгенше жақсылықтың жаршысы болған акцияға өз үлесімізді қосудамыз, - дейді Жастар орталығының әдіскері Олеся Волосюк.

Мейірімділік пен жақсылыққа толы акция алдағы күнерде жалғасын табатын болады деп жоспарланып отыр. Ең қуаныштысы жақсылық жасаймын деген жомарт және мейірімді азаматтардың қатары күн санап көбеюде. Жақсылықтың жаршысы болып, жақсылық жасауға асығайық. Жастардың игі ісіне сәттілік тілейік.

**Толқын ӨТЕС,**  
суретті түсірген автор



«Жақсылық жаса» акциясы түрлі форматта ұйымдастырылуда